



**ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының
2023-2024 оқу жылындағы ата-аналармен жұмыс жоспары**

Максаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруде ата-аналардың педагогикалық құзыреттіліктерін жоғарылату, баланың жан-жақты дамуы үшін ата-аналар мен балабақшаның өзара әрекетін белсендендіру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жоғарылату.

№ / Айлар	Жүргізілетін жұмыс түрлері мен мазмұны	Жауаптылар
№1 Қыркүйек 2023 ж.	1. Жаңадан келген ата-аналармен танысу, келісім-шарт жасасу, бейімделу кезеңі бойынша жеке кеңестер беру. 2. Жалпы ата-аналар жиналысы: «Бөбекжай мен ата-ананың ынтымақтастығы». - Бөбекжайдың ішкі тәртіп ережелері мен оқу-тәрбие жоспарымен таныстыру. - Топ тәрбиешілерін таныстыру және ата-аналар комитетін сайлау. 3. Кеңес: «Баланың балабақшаға жеңіл бейімделуі (адаптация)»	Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, медбике
№2 Қазан 2023 ж.	1. Көрме ұйымдастыру: «Күзгі бақ» (табиғи материалдардан жасалған балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық қолөнер жұмыстары).	Әдіскер, тәрбиешілер
№3 Қараша 2023 ж.	1. Педагогикалық лекторий / Кеңес: «Баланың ұсақ моторикасын дамыту – ойлау қабілетінің негізі». 2. Жеке кеңес беру: Баланың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру.	Тәрбиешілер, медбике
№4 Желтоқсан 2023 ж.	1. Кеңес: «Қысқы кезеңдегі балалардың шынығуы мен денсаулығын сақтау». 2. Жаңа жылдық ертеңгілікті өткізу (ата-аналардың белсенді қатысуымен және рөлдерді сомдауымен).	Тәрбиешілер, медбике

№5 Қаңтар 2024 ж.	1. Педагогикалық кеңес / Ақпараттық үлестірме: «Баланың сөздік қорын дамыту және кітап оқу мәдениеті». 2. Ата-аналарға арналған сауалнама жүргізу.	Тәрбиешілер, әдіскер
№6 Ақпан 2024 ж.	1. Ашық есік күні: «Бөбежайдағы білім болашаққа қадам» (ата-аналардың сабақтарға тікелей қатысуы).	Әдіскер, тәрбиешілер
№7 Наурыз 2024 ж.	1. Мерекелік іс-шара: «Мерекенмен анашым» (8 наурызға арналған ертеңгілік). 2. Ұлттық нақыштағы Наурыз мейрамын ата-аналармен бірлесе тойлау.	Тәрбиешілер, әдіскер
№8 Сәуір 2024 ж.	1. Спорттық сайыс / Эстафета: «Әкем, анам және мен – спорттық отбасы». 2. Медбикенің кеңесі: «Балалардың дұрыс тамақтану режимі және дәрумендер»	Тәрбиешілер, медбике
№9 Мамыр 2024 ж.	1. Қорытынды ата-аналар жиналысы: «Бір жылғы жетістік – болашаққа бағыт» (2023-2024 оқу жылының нәтижелері). 2. Нұсқаулық / Кеңес: «Жазғы кезеңдегі қауіпсіздік және демалысты дұрыс ұйымдастыру».	Әдіскер, тәрбиешілер, медбике, меңгеруші

ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының ата-аналармен жұмыс іс-шарасының

№ 1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген уақыты: «06» қыркүйек 2023 ж..

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, бөбекжай әкімшілігі, медбике және топ ата-аналары.

Тақырыбы: «Бөбекжай мен ата-ананың ынтымақтастығы»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Жаңадан келген ата-аналармен танысу, келісім-шарт шарттарын талқылау.
2. Бөбекжайдың ішкі тәртіп ережелерімен және оқу-тәрбие жоспарымен таныстыру.
3. Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау және бекіту.
4. «Баланың бөбекжайға жеңіл бейімделуі (адаптация)» тақырыбында медбике кеңесі.

Тыңдалды (Барысы):

Бөбекжай меңгерушісі ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап, бөбекжай мен отбасы арасындағы келісім-шарт міндеттерін түсіндірді. Әдіскер 2023-2024 оқу жылындағы сабақтар кестесі мен тәртібін баяндады. Тәрбиешілер ата-аналармен бірлесе отырып, ашық дауыс беру арқылы топ бойынша ата-аналар комитетінің төрағасы мен мүшелерін сайлады. Медбике баланың алғашқы күндердегі психологиялық күйзелісін азайту және адаптацияны жеңілдету бойынша ұсыныстар жасады.

Қаулысы (Шешімі):

- Бөбекжай ережелері мен келісім-шарт талаптары екі жақтан да қатаң сақталсын.
- Балаларды бөбекжайға бекітілген күн тәртібі бойынша уақытылы әкелу қамтамасыз етілсін.
- Сайланған ата-аналар комитетінің құрамы бекітіліп, белсенді жұмыс істеуге міндеттелсін.
- Адаптация бойынша мамандардың кеңестері үй жағдайында да негізге алынсын.

Жиналыс төрайымы:



Ф.Х.Даумова

Жиналыс хатшысы:



Ә.С.Ахметова

ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының ата-аналармен өткізілген көрменің

№ 2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген уақыты: «19» қазан 2023 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, бөбекжай әкімшілігі, медбике және топ ата-аналары.

Тақырыбы: ««Күзгі бақ» табиғи материалдар көрмесінің қорытындысы»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1.«Күзгі бақ» тақырыбында балалар мен ата-аналардың бірлескен жұмыстарын ұйымдастыру.

2.Балалардың эстетикалық талғамы мен шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Тыңдалды (Барысы):

Топ тәрбиешілері қазан айында өткен «Күзгі бақ» көрмесіне тоқталып, ата-аналардың шығармашылық белсенділігіне талдау жасады. Көрмеге табиғи материалдардан (жапырақтар, қылқандар, көкөністер) жасалған көптеген ерекше туындылар әкелінгені, бұл жұмыстар балалардың саусақ моторикасы мен қиялын дамытуға зор үлес қосқаны айтылды.

Қаулысы (Шешімі):

-«Күзгі бақ» көрмесі жоғары деңгейде өтті деп танылсын, белсенді отбасыларға алғыс жариялансын.

-Мұндай шығармашылық бірлескен іс-шаралар алдағы уақытта да тұрақты қолдау тапсын.

Жиналыс төрайымы: 

Ф.Х.Даумова

Жиналыс хатшысы: 

Ә.С.Ахметова

**ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының ата-аналармен кеңесінің
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: «21» қараша 2023 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, бөбекжай әкімшілігі, медбике және топ ата-аналары.

Тақырыбы: «Баланың ұсақ моторикасын дамыту және гигиеналық дағдылар»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- 1.Педагогикалық лекторий: «Баланың ұсақ моторикасын дамыту – ойлау қабілетінің негізі».
- 2.Жеке кеңес беру: Баланың дербес гигиеналық дағдыларын қалыптастыру.

Тыңдалды (Барысы):

Тәрбиешілер ата-аналарға баланың ұсақ моторикасын дамытудың сөйлеу тіліне және ойлау жүйесіне әсері туралы баяндама оқыды. Үй жағдайында ермексазбен, моншақтармен, сурет салумен айналысудың тиімді тәсілдері көрсетілді. Сонымен қатар, баланың өздігінен қол жуу, сүлгі қолдану сияқты гигиеналық дағдыларын ерте жастан қалыптастыру мәселесі сөз болды.

Қаулысы (Шешімі):

- Ата-аналар үй жағдайында баланың ұсақ моторикасын дамытатын ойындарға күнделікті уақыт бөлсін.
- Баланың жеке бас гигиенасын сақтау бойынша тәрбиешілермен бірыңғай талаптар қойылсын.

Жиналыс төрайымы: 

Ф.Х.Даумова

Жиналыс хатшысы: 

Ә.С.Ахметова

**ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының ата-аналармен кеңестің
№ 4 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: «1» желтоқсан 2023 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, бөбекжай әкімшілігі, медбике және топ ата-аналары.

Тақырыбы: «Қысқы кезеңдегі денсаулық және Жаңа жылдық ертеңгіліктер»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Кеңес: «Қысқы кезеңдегі балалардың шынығуы мен денсаулығын сақтау».
2. Жаңа жылдық ертеңгілікті ата-аналардың қатысуымен ұйымдастыру және қауіпсіздік шаралары.

Тыңдалды (Барысы):

Медбике қысқы мезгілде бала ағзасын шынықтыру, таза ауада серуендеу уақытын дұрыс ұйымдастыру және вирустық аурулардан қорғану жолдары туралы кеңес берді. Тәрбиешілер Жаңа жылдық ертеңгіліктің сценарийімен таныстырып, ата-аналардың кейіпкерлерді сомдауға қатысу белсенділігін және карнавалдық киімдердің дайындығын, сондай-ақ мерекедегі қауіпсіздік ережелерін түсіндірді.

Қаулысы (Шешімі):

- Қыс мезгілінде балаларды дұрыс шынықтыру және аурудың алдын алу шаралары бойынша медбике ұсыныстары орындалсын.
- Жаңа жылдық ертеңгілік жоғары ұйымдастырушылық деңгейде және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай отырып өткізілсін.

Жиналыс төрайымы: 

Ф.Х.Даумова

Жиналыс хатшысы: 

Ә.С.Ахметова

**ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының ата-аналармен жұмыс
іс-шарасының**

№ 5 КЕҢЕС ЖӘНЕ САУАЛНАМА ХАТТАМАСЫ

Өткізілген уақыты: «9» қаңтар 2024 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, бөбекжай әкімшілігі, медбике және топ ата-аналары.

Тақырыбы: «Баланың сөздік қорын дамыту және кітап оқу мәдениеті»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- 1.Педагогикалық кеңес: «Баланың сөздік қорын дамыту және кітап оқу мәдениеті».
- 2.Ата-аналардың балабақша жұмысына қанағаттану деңгейін анықтау бойынша сауалнама қорытындысы.

Тыңдалды (Барысы):

Тәрбиешілер қазіргі таңда балалардың тіл байлығын дамытуда ертегілер мен кітаптардың маңызы зор екенін баса айтты. Ата-аналарға үйде балаға көбірек кітап оқып беру және оқығанды бірге талқылау ұсынылды. Әдіскер қаңтар айында жүргізілген ата-аналар сауалнамасының қорытындысын жариялап, балабақша жұмысына ата-аналардың жоғары баға бергенін жеткізді.

Қаулысы (Шешімі):

- Отбасында балалармен сөйлесу, ертегі оқу мәдениетін қалыптастыруға баса назар аударылсын.
- Сауалнама нәтижелері ескеріліп, ата-аналармен тығыз ынтымақтастық жұмыстары жалғастырылсын.

Жиналыс төрайымы: 

Ф.Х.Даумова

Жиналыс хатшысы: 

Ә.С.Ахметова

**ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының ата-аналармен жұмыс
іс-шарасының
№ 6 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: «8» ақпан 2024 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, бөбекжай әкімшілігі, медбике және топ ата-аналары.

Тақырыбы: «Ашық есік күні – «Бөбекжайдағы білім- болашаққа қадам»»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Ашық есік күнін ұйымдастыру және ата-аналарға балалардың іс-әрекетін көрсету.
2. Педагогтар мен ата-аналар арасындағы тәжірибе алмасу және шеберлік сыныптары.

Тыңдалды (Барысы):

Әдіскер ақпан айында ұйымдастырылған «Ашық есік күні» барысында ата-аналардың топтардағы сабақтар мен тәрбиелік шараларға тікелей қатысқанын айтты. Тәрбиешілер мен ата-аналар бірлесіп шеберлік сыныптарын өткізіп, бала тәрбиесіндегі тиімді әдіс-тәсілдермен бөлісті. Ата-аналар балаларының топтағы белсенділігі мен даму деңгейін көріп, ризашылықтарын білдірді.

Қаулысы (Шешімі):

-«Ашық есік күні» іс-шарасы өз мақсатына жетті деп танылсын.

-Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында көрсетілген дамытушы ойын тәсілдерін ата-аналар үй жағдайында да қолдансын.

Жиналыс төрайымы: 

Ф.Х.Даумова

Жиналыс хатшысы: 

Ә.С.Ахметова

**ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының ата-аналармен өткізілген
мерекелік шараның
№ 7 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: «1» наурыз 2024 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, бөбекжай әкімшілігі, медбике және топ ата-аналары.

Тақырыбы: «Мерекеңмен анашым» және Наурыз мейрамы»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- 1.8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған «Мерекеңмен анашым» ертеңгілігінің қорытындысы.
2. Ұлттық нақыштағы Наурыз мейрамын ата-аналармен бірлесе ұйымдастыру.

Тыңдалды (Барысы):

Тәрбиешілер наурыз айындағы қос үлкен мерекенің өткізілу барысына тоқталды. Балалардың аналарға арнап дайындаған шығармашылық нөмірлері жоғары бағаланды. Әдіскер Наурыз мейрамы аясында балаларға қазақтың салт-дәстүрлері (тұсаукесер, бесікке салу) мен ұлттық ойындарын көрсетуде ата-аналардың қосқан үлесі мен демеушілігін атап өтіп, алғысын білдірді.

Қаулысы (Шешімі):

- Мерекелік іс-шаралар жоғары деңгейде өтті деп есептелсін.
- Балалардың бойында ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрге деген сүйіспеншілікті арттыру жұмыстары жалғастырылсын.

Жиналыс төрайымы:



Ф.Х.Даумова

Жиналыс хатшысы:



Ә.С.Ахметова

**ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының ата-аналармен өткізілген
№ 8 СПОРТТЫҚ ІС-ШАРА ЖӘНЕ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: «9» сәуір 2024 ж..

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, баөбекжай әкімшілігі, медбике және топ ата-аналары.

Тақырыбы: ««Әкем, анам және мен – спорттық отбасы» және дұрыс тамақтану»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- 1.«Әкем, анам және мен – спорттық отбасы» спорттық сайысының қорытындысы.
- 2.Медбикенің кеңесі: «Балалардың дұрыс тамақтану режимі және дәрумендер».

Тыңдалды (Барысы):

Тәрбиешілер сәуір айында отбасылық құндылықтарды нығайту және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткен спорттық эстафетаға ата-аналардың белсенді қатысқанын атап өтті. Балабақша медбикесі көктемгі кезеңде балалардың тамақтану режимі, ас мәзірінің құнарлылығы және ағзаны қажетті дәрумендермен қамтамасыз ету ережелері бойынша дәріс оқыды.

Қаулысы (Шешімі):

- Спорттық сайысқа қатысқан отбасылар марапатталсын және спорттық іс-шаралар жиі ұйымдастырылсын.
- Балалардың үйдегі тамақтану режимі балабақшадағы ас мәзірі талаптарына сәйкестендірілсін.

Жиналыс төрайымы:



Ф.Х.Даумова

Жиналыс хатшысы:



Ә.С.Ахметова

**ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының ата-аналармен
№ 9 ҚОРЫТЫНДЫ ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: «30» мамыр 2024 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, бөбекжай әкімшілігі, медбике және топ ата-аналары.

Тақырыбы: «Бір жылғы жетістік – болашаққа бағыт және жазғы қауіпсіздік»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. 2023-2024 оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының қорытынды есебі және балалардың жетістіктері.
2. Нұсқаулық / Кеңес: «Жазғы кезеңдегі қауіпсіздік және демалысты дұрыс ұйымдастыру».

Тыңдалды (Барысы):

Бөбекжай меңгерушісі мен әдіскері өткен оқу жылының қорытындысын шығарып, балалардың білім, білік және дағдыларының өсу деңгейін саралады, жыл бойы белсенділік танытқан ата-аналарға алғыс хаттар табыс етті. Тәрбиешілер мен медбике жазғы демалыс кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, су қоймаларындағы қауіпсіздік, терезеден құлаудың алдын алу және күн өтуден қорғану ережелері бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулық берді.

Қаулысы (Шешімі):

- 2023-2024 оқу жылындағы ата-аналармен бірлескен жұмыс нәтижесі «жоғары деңгейде» деп танылсын.
- Жазғы үзіліс (демалыс) уақытында балалардың қауіпсіздігі мен өмірін қорғау жауапкершілігі ата-аналарға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:  Ф.Х.Даумова

Жиналыс хатшысы:  Ә.С.Ахметова